
	<b>«Астана Медицина Универитеті» КеАҚ</b>	1 бет 5
	<i>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</i>	беттен

## **ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАННЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру бағдарлама үшін:**

**6В10101- «Мейіргер ісі» білім беру бағдарламасының тобы үшін, оқу мерзімі- 2 жыл 6 ай**

Астана 2023 ж.

	<b>«Астана Медицина Университеті» КеАҚ</b>	2 бет 5
	<b>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</b>	беттен

## Мазмұны

1	Мақсаты және қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Негізгі бөлігі	3
3.1	Қысқаша ақпарат	3
3.2	Байланыс ақпараты	3
3.3	Қабылдау емтиханын өткізу орны	4
3.4	Түсу емтиханын өткізу нысаны	4
3.5	Құжаттарды тапсыру кестесі және түсу емтиханын өткізу мерзімдері	4
3.6	Емтихан материалы	5
3.7	Қабылдау емтиханының нәтижелері	5
	Келісу парағы	



## 1. МАҚСАТЫ МЕН КӨЛЕМІ

1.1 Бағдарлама 6В10101 – «Мейіргер ісі» білім беру бағдарламасы тобының «Денсаулық сақтау» саласы бойынша талапкерлерге арналған, оқу мерзімі 2 жыл 6 ай.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Қабылдау емтиханның бағдарламасында келесі нормативтік құжаттарға сілтемелерге жасалған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.

## 3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### 3.1 Қысқаша ақпарат

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығының 2-тарауының 6-тармағына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

Қабылдау емтиханы "Астана медицина университеті" КеАҚ базасында, компьютерлік сыныптарында, офлайн форматта, Moodle платформасында өткізіледі.

### 3.1 Алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар:

Техникалық және кәсіптік білімі бар, 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар медициналық колледжді «Мейіргер ісі» білім бағдарламасы бойынша бітірушілер.

### 3.2 Байланыс ақпараты:

Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 49 А, Мейіргер ісі мектебі, телефон 8-7172-53-78-96, 8 7073456305 электрондық пошта мекенжайы: [baigozhina.z@amu.kz](mailto:baigozhina.z@amu.kz)

### 3.3 Қабылдау емтиханын өткізу орны:

Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 49 А



Қабылдау емтиханын тапсыру үшін аудиторияны қабылдау жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Бұл ретте қабылдау емтиханы бейне және (немесе) дыбыс жазбасымен жабдықталған аудиторияларда (кабинеттерде) өткізіледі.

### 3.4 Қабылдау емтиханының формасы:

- тестілеу.

Тест тапсырмаларының тізбесі «Астана медицина университеті» КЕАҚ 2023 жылғы 29 мамырдағы Академиялық кеңесінің № 5 хаттамамен бекітілді. «Мейіргер ісі» кафедрасы тест тапсырмаларын қарап шығып, талапкерлерге дифференциалды диагностикалық сауалнама ретінде пайдалануға ұсынды.

### 3.5 Құжаттарды тапсыру кестесі және түсу емтиханын өткізу мерзімдері

1-кесте.

Құжаттарды қабылдау мерзімі	Емтихан өткізу мерзімі	Емтихан уақыты	Апелляцияға өтініштерді қабылдау	Емтиханды өткізу орны
01.07.2023 – 10.07.2023	07.08.2023-09.08.2023	14.00-15.15	Нәтижелер жарияланғаннан кейінгі, келесі күні сағат 13.00-ге дейін	Бейбитшил ик 49А
25.07.2023 – 06.08.2023				

#### Құжаттар тізімі:

- 1) Университет Ректорының атына белгіленген нысан бойынша өтініш;
- 2) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы және көшірмесі);
- 4) 3 x 4 см, өлшемдегі 6 фотосурет;
- 5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) электрондық форматтағы 075/е нысаны бойынша Медициналық анықтама.

Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;

- б) психометриялық емтиханнан өткені туралы ведомостен үзінді;



Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.

### **3.6 Емтихан материалы**

Тест сұрақтары – 50 (қазақ және орыс тілдерінде).

Тест сұрақтарының мазмұны:

1. Мейіргер ісі. Мейіргерлік процесс: анықтамасы, кезеңдері, ерекшеліктері.
2. Асқазанды зондпен шаю.
3. Медициналық мекемелердегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптар. Дезинфекция: түрлері, ерекшеліктері.
4. Пункциялар: көрсеткіштері, техникасы.
5. Препаратты енгізудің энтеральды жолдары.
6. Препаратты енгізудің ингаляциялық жолы.
7. Науқастың функционалдық жағдайын бағалау (тыныс алу жиілігін, пульсті, қан қысымын өлшеу).
8. Медициналық мекемелердің негізгі түрлері.
9. Дәрілік заттарды парентеральді енгізу. Тері ішіне, тері астына енгізу және дәрілік заттарды енгізу ерекшеліктері.
10. Дәрілік заттардың дәрілік формалары: түрлері мен ерекшеліктері.
11. Дәрілік заттарды сақтау ережелері.
12. Қуықтың катетеризациясы.
13. Төсек жаралары.
14. Науқасты зертханалық зерттеулерге дайындау.

### **3.7. Қабылдау емтихандарының нәтижелері**

Барлығы 50 сұрақ бар.

Әр сұраққа: 1 дұрыс жауап.

Әрбір дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады.

Ең жоғары балл – 50 (100%).

Өту балы – 30 (60%).

Тестілеу уақыты – 75 минут.